

" Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясы "
коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша
Мектепке психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаттары туралы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 26 тамызда № 29288 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығының қосымшасы негізінде **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Мектепшілік психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаттары назарға алынсын;
2. Психологиялық қолдау көрсету жұмыстары жылдық жоспарға сай жүзеге асырылсын;
3. Психологиялық қызмет мамандарының құрамы №1 қосымшаға сәйкес бекітілсін;
4. Психологиялық қызмет мамандарының лауазымдық міндеттері №2 қосымшаға сәйкес бекітілсін;
5. Қажетіне қарай психологиялық қызметтің отырысы жылына өткізілсін;
6. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын;

НЕГІЗДЕМЕ: ҚР оқу ағарту министрлігінің 25.08.2022 ж №377 бұйрығы.

Мектеп директоры



Т.Идркенова

Дайындаған: А.Салихова

Психологиялық қызмет мамандарының құрамы

Т.Идркенова - мектеп директоры
Г.Ожаева- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
А.Хайреденова - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
А.Салихова, А.Наурызова – педагог-психологтар
М.Тулешова – әлеуметтік педагог

Психологиялық қызмет мамандарының лауазымдық міндеттері

Психологиялық қызмет жұмысындағы орта білім беру ұйымының басшысы:

- 1) психологиялық қызметтің жұмысы туралы бұйрық шығарады және білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеудің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекітеді;
- 2) психологиялық қызметтің құрамына кіретін мамандардың құрамын және лауазымдық міндеттерін бекітеді;
- 3) психологиялық қызметтің құрамына кіретін мамандардың біліктілігін арттыру үшін жағдайларды қамтамасыз етеді;
- 4) психологиялық қызмет жұмысының және психологиялық қызметтің құрамына кіретін мамандардың жұмысы туралы талдамалық есепті тыңдайды және бекітеді;
- 5) тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде білім алушылар мен тәрбиеленушілерді, ата-аналарды және өзге де заңды өкілдерді психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.
- 6) Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау немесе психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымы негізінде білім беру ұйымының басшысы психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеуге мұқтаж білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тізімін, жеке оқу жоспарларын, мамандардың жеке даму бағдарламалары, жеке/бейімделген оқу бағдарламаларын қамтитын, ерекше

білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламаларын бекітеді.

Орта білім беру ұйымы басшысының орынбасары, психологиялық қызмет жұмысында:

- 1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік сүйемелдеу бойынша психологиялық қызметтің жұмысын ұйымдастырады, білім беру процесінде диагностикалық іс-шараларды жүргізу уақыты мен орнын айқындайды;
- 2) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді сүйемелдеу нәтижелеріне, әлеуметтендіру, дамыту серпіні мен оқу жетістіктерінің тиімділігіне мониторинг жүргізеді;
- 3) психологиялық қызметтің мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, қоғамдық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қауымдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Психологиялық қызмет жұмысындағы педагог-психолог:

- 1) оқу жылына арналған жұмыс жоспарына және оқу жылының басында ата-аналар жиналысының хаттамасымен ресімделген ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің келісіміне сәйкес білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жай-күйіне психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізеді;
- 2) бақылаулар, тереңдетілген зерттеулер, ата-аналардан немесе өзге де заңды өкілдерден алынған мәліметтер, психологиялық қызмет және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация мамандарының қорытындылары мен ұсынымдарын зерделеу негізінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтайды және бағалайды;
- 3) орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс жасау қағидаларының 14-тармағының 3 тармақшасына сәйкес мінез-құлық және эмоционалдық проблемалар, деструктивті мінез-құлық түрлері, отбасындағы тәрбиенің және бала-ата-ана қатынастарының бұзылуы, ақпараттық ортаның теріс әсерлерінен туындаған тәуекелдері кезінде ата-аналарды және білім беру ұйымының әкімшілігін хабардар етеді;
- 4) әкімшіліктің сұранысы және ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің келісімі негізінде білім алушы мен тәрбиеленушінің тұлғасына психологиялық зерттеу жүргізеді, баланың психоэмоциялық жағдайына баға береді және қажет болған жағдайда уақтылы психологиялық көмек көрсету мақсатында жеке-дамыту сабақтарын өткізеді;

5) білім беру процесіне қатысушылармен психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті арттыру жөніндегі іс-шараларды өткізуге қатысады және білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытудың, дамытудың және әлеуметтендірудің тиімді тәсілдерін, әдістері мен технологияларын енгізуге жәрдемдеседі;

6) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің деструктивті мінез-құлқының туындауының профилактикасына қатысады және қажет болған жағдайда білім беру процесіне қатысушыларға тәрбие, оқыту, дамыту және әлеуметтендіру мәселелерінде көмек көрсету жөнінде ұсынымдар әзірлейді;

7) сұраныс бойынша сынып жетекшісімен бірлесіп психологиялық-педагогикалық сипаттамалар мен психологиялық зерттеулер материалдары бойынша қорытындылар жасайды;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту, дамыту, тәрбиелеу және әлеуметтендіру мәселелері бойынша білім беру процесіне қатысушыларға консультациялық көмек көрсетеді.

9) ғылыми негізделген әдістемелер мен технологияларды пайдалана отырып, білім алушылармен және тәрбиеленушілермен диагностикалық, жеке консультациялық, дамытушылық жұмыстың нысандары мен әдістерін айқындайды;

10) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық жай-күйінің өзгеру серпініне мониторинг жүргізеді;

Психологиялық қызмет қызметіндегі әлеуметтік педагог:

1) жеке тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның шағын ортасын, әлеуметтік тұрмыс жағдайларын зерделейді, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің мүдделері мен қажеттіліктерін, проблемаларын, жанжалды жағдайларын, мінез-құлқындағы бұзушылықтарды анықтайды және оларға әлеуметтік көмек пен қолдауды уақтылы көрсетеді;

2) Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың міндеттерін, нысандарын, әдістерін, білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке және әлеуметтік проблемаларын шешу тәсілдерін айқындайды, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке басының құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда әлеуметтік қорғау және әлеуметтік көмек бойынша шаралар қабылдайды;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер, отбасы және ұйым, әртүрлі әлеуметтік қызметтердің, ведомстволар мен әкімшілік органдардың мамандары арасында келістіруші болады;

4) білім алушылар, тәрбиеленушілер және мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік қызметтердің өкілдері арасындағы байланысты қамтамасыз

етеді;

5) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытуды, тәрбиелеуді, әлеуметтендіруді ұйымдастыру мәселелері бойынша педагогтермен, ата-аналармен және өзге де заңды өкілдермен өзара іс-қимыл жасайды;

6) баланың отбасында және білім беру ұйымында құқықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Психологиялық қызметтің мақсаты - білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыру.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- 1) Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
- 2) оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;
- 3) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;
- 4) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылармен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- 5) жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыру мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады;
- 6) білім беру процесіне қатысушыларға, олардың жеке құқықтарына қысым жасамай, өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарын тәрбиелеу мен қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады;
- 7) Білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдау саласындағы ғылыми және практикаға бағдарланған жетістіктерін тарату және практикаға енгізу болып табылады;
- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оларды әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 9) білім беру ұйымының алқалы органдарымен және білім беру, денсаулық

сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер мүдделі органдарымен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

Психологиялық қызметтің жұмыс жоспара атқарылатын жұмыс түріне байланысты серіктестікте жасалатын нақты жұмыс түрлеріне байланысты жоспарланады.

Кеңейтілген жоспарлар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығын негізге ала отырып құрылады



" Д.Төленов атындағы орта мектен "
коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша мектепке психологиялық
қызметтің жұмыс жоспары

Р.с	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Сыныптағы қолайлы психологиялық климат: оқушылар мен мұғалім қабылдаған жағымды эмоциялардың зарядының денсаулыққа жағымды әсері.	Үнемі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Педагог-психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекші
2	Құзыреттілікті арттыру үшін жағдай жасау ата –аналар мен білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелері.	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Педагог-психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекші
3	«Сенім» қызметін жүргізу	Жыл бойы	Педагог-психологтар Сынып жетекші
4	«Тәуекел», «қатер» топтарына жататын білім алушыларды анықтап жұмыс жүргізу (диагностика, коррекция, алдын алу)	Қажетіне қарай	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Педагог-психолог Әлеуметтік педагог
5	Жеке және топтық әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық жұмыстар жүргізу (қыздар мен ұлдармен жұмыстар)	Үнемі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Педагог-психолог Әлеуметтік педагог
6	Зорлық-зомбылықтың алдын алу (физикалық, булингтік әрекеттер)	Үнемі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Педагог-психолог Әлеуметтік педагог
7	Интернет қауіпсіздігінің алдын алу, ресурстарды дұрыс пайдалану	Қажетіне қарай	Педагог-психолог Әлеуметтік педагог
8	Кибербуллинг: балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Қажетіне қарай	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Педагог-психолог Әлеуметтік педагог
9	Жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу жұмыстары	Үнемі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Педагог-психолог

			Әлеуметтік педагог
10	Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Педагог-психолог Әлеуметтік педагог
11	Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу	Жыл бойы	Педагог-психолог Әлеуметтік педагог
12	Діни экстремизм және терроризмге бағытталған алдын алу іс шаралар	Қажетіне қарай	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог
13	Ішкі істер бөлімімен жұмыс	Қажетіне қарай	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог
14	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыстар	Жыл бойы	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог Мектеп психологтары Педагог ассистент

Д.Төленов атындағы орта мектебінің педагог-психологтарының 2022-2023 жылы атқарған психологиялық қызмет жұмыстарының жылдық есебі

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 26 тамызда № 29288 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығының қосымшасы негізінде жылдық жоспар жасақталып, қызмет құрамы бекітіліп лауазымдық міндеттер бойынша жұмыстар атқарылды.

Оқу жылына арналған жұмыс жоспары таныстырылып және оқу жылының басында ата-аналар жиналысының хаттамасымен ресімделген ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің келісімі алынды. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жай-күйіне психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізілді. (Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрі 2021 жылдың 16 қыркүйектегі №472 бұйрығының 2-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 2-қосымша жоспарындағы есебінде бар).

Ата-аналармен «Бала тәрбиесіне байыппен қарайық!» тақырыбында бірыңғай ата-аналар жиналысы өткізілді. Мақсаты: Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі мәдениетін арттыру, кемелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша олардың құзіреттілігін арттыру. Біріккен жұмыста жергілікті полиция инспекторы Бақтегереев өзінің бағыты бойынша кеңестер берді. Мектеп директоры тәртіп мәселесі, қоғамдағы жағдайлар бойынша, қамқоршылық кеңестің төрайымы Ж.Отарғалиева және мектеп психологтары «Кибербуллинг балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету» «Кибербуллинг балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында ақпарат берілді.



Сынып жетекшілерге өмірдің қиын жағдайларына тап болған балаларға көмек көрсету және алдын алу, ақпараттандыру мақсатында «Өмірдің қиын жағдайларына тап болған балаларға көмек көрсету және алдын алу» семинар-тренингі өткізілді. «Би терапиясы» қолданылып, Капитан, Орман жаттығулары өткізілді.



«Сенім қызметі» бойынша мектептегі білім алушыларға «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефондары» ақпараттар берілді. Жыл бойы өрескел шағым түскен жоқ.

«Тәуекел», «кәтер» топтарына жататын білім алушыларды анықтап, қажетіне қарай диагностикалық, коррекциялық, алдын алу жұмыстары жүргізілді. Маманға бағытталған білім алушы болған жоқ.

Сынып ұжымының мәселелері бойынша сынып жетекшілерге топтық және жеке дара кенестер жүргізілуде. Баланың қауіпсіз ортасын қамтамасыз ету және кибербуллинг, буллингтің алдын алу мақсатында «Кибербуллинг балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету» жалпы жиналысы өткізіліп, ата-аналарға жадынама таратылып, кенестер берілді.



7-11 сынып мектеп ұлдарының тәртібін қадағалау, зиянды әдеттерден аулақ болу мақсатында ұлдар жиналысы өтіліп кенестер айтылды.

7-11 сынып мектеп қыз балаларына зиянды әдеттерден аулақ болу мақсатында бірлескен жұмыс аудандық аурухана акушер гинекологі Ш.Қалиасқарқызы жеке бас гигиенасы, жыныстық тиіспеушілік тақырыбында кенестер берді. Кибербуллингтен сақтану, ертежүктіліктің алдын алу, Вейп дегеніміз не және одан сақтану жолдары жөнінде түсінік жүргізілді. «Қыз бала ұлттың болашағы» тақырыбында кездесу өткізіліп, видеороликтер көрсетіліп, «Өзін-өзі қорғаудың 8 тәсілі» жадынама кенес етіліп, сұхбат жүргізілді. ДТДЖО Әйгерім Махамбетқызы тәртіп, тазалық, қазақ қызына тән көркем мінезге байланысты кенестер айтып, «Қазақ қызы» әнін карокемен орындап, әсерлі өткізді.



8-11 сынып ұл балаларына «Менің міндеттерім және қауіпсіз ортам» тақырыбында кибербуллинг, буллингтің алдын алып қауіпсіз ортасын қалыптастыру мақсатында тренинг сабақ өткізілді.



Буллингтік әрекеттердің алдын алу мақсатында 6-7 сынып білім алушыларымен «Менің құқығым менің міндеттерім» тақырыбында тренинг сабағы сынып жетекшілер, ұлдар ұйымының төрайымы



мен мектеп тәлімгерімен бірлесе отырып өтілді.

Жасөспірім кезеңіндегі кездесетін буллингтің түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты кеңейту мақсатында 6-10 сынып ата-аналарына «Буллинг. Баланың барлық қатыгездіктен қорғалуға құқығы» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді.



6-9 сынып аралығында кибербуллинг, буллингтен сақтандырып және зорлық-зомбылықтың алдын-алу, интернет қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында ата-аналар жиналысына қатысылып, кеңестер айтылып, жаднамалар таратылды.



Интернет қауіпсіздігінің алдын алу, ресурстарды дұрыс пайдалану мақсатында білім алушыларға сауалнамалар өткізіліп, кеңестер берілді.

5-11 сынып оқушыларымен Құқық бұзушылықтың алдын алу қауіпсіз ортасын қамтамасыз ету мақсатында сауалнамалар өткізіліп, қорытындысы бойынша келеңсіз оқиға анықталмады және «Құқық бұзушылықтың алдын алу» психологиялық сабағы өтті.



Сынып жетекшілерге өмірдің қиын жағдайларына тап болған балаларға көмек көрсету және алдын алу, ақпараттандыру мақсатында «Өмірдің қиын жағдайларына тап болған балаларға көмек көрсету және алдын алу» семинар-тренингі өткізілді. «Би терапиясы» қолданылып, Капитан, Орман жаттығулары өткізілді.



Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу 8 -11 сынып оқушыларымен аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуда сауалнамалар өткізілді. «Пікірталас - жанжал емес», «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» , «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» , «Реніштен арылу», «Ой, сезім, мінез-құлық» , «Менің құқықтарым» түзету сабақтары өтті.



Діни экстремизм және терроризмге бағытталған алдын алу мақсатында жастар орталығының ұйымдастыруымен діни мамандармен кездесу өтті. Ішкі істер бөлімі мамандарымен де бірлескен кездесулер ұйымдастырылды.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар 1 үйден оқитын оқушы және үш ПДТ оқушы анықталып, олармен жеке жоспар жасакталып, жұмыстар жүргізілді. Диагностикалық бағыты бойынша зейін, ойлау, логикалық есте сақтау, қабылдау деңгейін анықтау мақсатында ЕББҚ бар білім алушылардың танымдық процестері анықталды. Проективті әдістемелер оның ішінде «Менің отбасым», «Менің мектебім», «Кактус» әдістемелері жүргізілді. Білім алушылардың бақылау мақсатында сабақтарына қатысып, оқушыларға психологиялық мінездеме жазылып, психологиялық қолдау отырысында таныстырылды. Ата-аналарға, мұғалімдерге сауалнамалар өткізіліп қорытындыланды. Үйден оқитын 9-сынып оқушысы мен эмоциялық сферасын анықтау мақсатында «Адам.Ағаш.Үй», «Злата Королеваның» әдістемесі, «Кактус» проективті, «Спилберг -Ханин» әдістемесі жүргізіліп, қорытындыланды. Қоршаған ортамен қарым-қатынасын анықтау мақсатында «Ағаш» «Социограмма» әдістемелері жүргізілді. Қызығушылығын, кәсіби бағытын анықтау мақсатында Голланд, Климов әдістемелері жүргізілді. Қорытындысында «Адам табиғат», «Адам техника» типі анықталып, өзіне, ата-анасына кеңес берілді. Резапкинің «Интеллектуалдық қабілетін диагностикалау» нәтижесінде креативті және көрнекі бейнелі ойлау деңгейі бар екені анықталды.

Түзете- дамыту бағыты бойынша ЕББҚЕ оқушылармен жеке бағдарлама құрылып, жұмыстар жүргізілді. Танымдық аймағын, қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру, эмоционалдық сферасын дамыту мақсатында сабақтар жүргізілді. Үйден оқитын оқушымен психокоррекциялық бағдарлама бойынша жұмыстар жасалды. Атап айтсақ, «Мен және менің отбасым» мақсатында өзіндік менін, отбасымен қарым-қатынасын анықтау. Танымдық қабілетін дамыту бағытында «Бәрі мен туралы» және Нейрогимнастикалық жаттығулар жүргізілді. Күтілетін нәтиже бойынша өзіндік мені қалыптасып, қызығушылығы анықталды. «Мен және менің эмоцияларым» психокоррекциялық сабағы көңіл күйін анықтау және түзету мақсатында өткізілді. «Менің көңіл-күйім» жаттығуы, Арт терапия, «Мандала» мен жұмыс жасалды, күтілетін нәтиже бойынша көңіл күйі жақсарды.

Профилактика-психологиялық ағарту бағытында үштік одақты нығайтып, қарым-қатынасты жақсарту, ата-аналарға қолдау білдіру мақсатында «Позитивті ойлау, бақытты және салуатты өмірдің негізі» және «Мектеп, оқушы, ата-ана» ынтымақтастық қырлары тақырыбында тренинг семинарлары өткізілді.

Консультация жүргізу бағытында ата-аналар мен мұғалімдерге баланың қызығушылығын арттыру және эмоционалдық көңіл күйінің бұзылуының алдын алу мақсатында жоспарға сай кеңестер беріліп, тренингтер өтті.

Ұйымдастыру әдістемелік бағыт бойынша мектеп бойынша ЕББҚЕ білім алушылар туралы мәліметтер жинақталып, диагнозы бойынша ата-аналардан келісім парағы алынды. Оқу әдістемелік құралдар мен дидактикалық материалдар қоры жинақталды. ЕББҚЕ білім алушылардың психологиялық даму каталары толтырылып, мектеп ішлік психологиялық қолдау отырысы өткізілді. ЕББҚЕ оқушыларға педагогикалық-психологиялық мінздемелер жазылды.